

## Көшеге қайта атау беру туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті әкімінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 523 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Әйтеке би кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес Әйтеке би кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің Промзона көшесі Томирис есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әйтеке би кентінің әкімі*

*А.Абиев*